

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
22.04.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 22.04.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы депутат Ерман Мұхтар Тілдәбекұлына беріледі.

ЕРМАН М.Т. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Аталған заң жобасының тұжырымдамасы биылғы жылдың 11 наурызында өткен жалпы отырыста бірінші оқылымда мақұлданған болатын.

Заң жобасы мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ практикада туындап жатқан, құқықтық қатынастарды реттеудегі кейбір коллизияларды жоюға бағытталған.

Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар оған бірқатар түзетулер, соның ішінде белгілі бір органның құрылымдары өткізетін барлық ішкі конкурса сол органдағы, оның ведомствосы мен аумақтық бөлімшелеріндегі мемлекеттік қызметшілердің қатысуына рұқсат беретін түзетулер енгізді. Бұл қызметкерлерді меритократия қағидаты бойынша орталық аппараттан әрі қарай жылжытуға, сондай-ақ, керісінше, өңірлердегі барынша лайықты қызметкерлерді ішкі конкурс арқылы орталық аппаратқа тағайындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне конкурстан тыс тағайындауларды келісу құқығы берілді. Бұл норма тағайындауды келісу процесін жылдамдатуға және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің дербестігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұған қоса депутаттар мемлекеттік қызметке қабылдана алмайтын адамдарды конкурстың бастапқы сатысында-ақ шығарып, конкурстық іріктеуді және конкурстық комиссияның жұмысын оңтайландыру жөніндегі түзетулер мен басқа да бірқатар нормаларды енгізді.

Құрметті әріптестер! Қаралып жатқан заң жобасының нормалары мемлекеттік қызметті атқару мәселелерін жеткілікті түрде жетілдіруге

мүмкіндік береді және жалпы алғанда, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру жөніндегі мақсатқа қол жеткізуге оңынан әсер етеді.

Жұмыс тобының мүшелері – депутат әріптестерімізге және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне заң жобасымен жұмысқа белсене атсалысқаны үшін өз алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер.

Осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Сенаттың қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұхтар Тілдәбекұлы.

Құрметті депутаттар, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, оны жаңа ғана Мұхтар Тілдәбекұлы бізге жеткізді, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 79, «жақтағандар» – 79. Қаулы қабылданды.



*Дурыс құжаттамалармен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Мамат Н. Шайбағалов.*